



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- **6B01703 –Шетел тілі: екі шетел тілі**

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Мәдениаралық-коммуникативтік құзыреттілікті, заманауи технологияларды, шетел тілін оқыту әдістері мен тәсілдерін меңгерген, кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте туындайтын коммуникативтік білім беру міндеттерін шешуге қабілетті жаңа формациядағы екі шетел тілі мұғалімдерін даярлау.

## КӘСІБИ САЛА

- білім беру;
- тәрбиелік;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

# ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН1** - білім алушылардың нақты өмірлік тәжірибесін қолданып, әріптестерімен бірлесе отырып, мақсатты тілді оқыту процесін модельдейді

**ОН2** – пәндік-тілдік оқыту технологиясын қолдануды ескере отырып, оқу үдерісін дербес жоспарлайды

**ОН3** – сабақта қойылған мақсаттарына сәйкес оқу материалдарын дербес даярлайды;

**ОН4** – білім алушыларды оқыту үшін компьютерлік презентациялар мен ресурстарды дербес даярлайды;

**ОН5** - әріптестерімен бірлесе отырып, мақсатты тілде пәндік терминологияны зерттеу әдістері мен тәсілдерін дамытады

**ОН6** - қабілеттеріне сәйкес тұлғаны дамытуға бағытталған бағдарламалар мен оқыту әдістерін дербес қолданады;

**ОН7** - сабақтарға арналған негізгі және қосымша оқу-әдістемелік материалдарды дербес даярлайды;

**ОН8** - білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, қажеттіліктеріне және сабақта көрсетілген мақсаттарына сәйкес оқу материалдарын дербес даярлайды

**ОН9** - пәнді және тілді біріктіріп оқыту үшін қажетті материалдарды, білім беру ресурстарын, оның ішінде сандық және түпнұсқа мәтіндерді дербес даярлайды және таңдайды.

**ОН10** - әріптестерімен бірлесе отырып, сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша негізгі және орта мектепте білім алушылардың пәндік және тілдік құзыреттіліктерін бағалау критерийлерін даярлайды

**ОН11**- оқытылатын тіл елінде қабылданған тілдің даму тенденцияларын, дәстүрлерін, элеуметтік-мәдени мінез-құлық нормаларын сипаттайды;

**ОН12** – көп мәдениетті және полиэтникалық қоғамда қарым-қатынас барысында коммуникативтік-сөйлеу әрекетінің ауызша, жазбаша, экстралингвистикалық тәсілдері мен формаларын қолданады.